

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы» факультеті

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**«6В07208 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)»
2024-2028 оқу жылына арналған**

АЛМАТЫ, 2024

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 4, «01» ақпан 2024 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 9, «01» наурыз 2024 ж.) шешімдерімен мақұлданған.

Құрастырғандар:

Кусаинова Ж.А., Жилкибаева Э.С. және Жалелов Д.Б.

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы БҒМ 2022 жылдың 18 тамызында №202 бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен Білім беру бағдарламасы негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: «6B07208 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)»

Берілетін дәреже: «6B07208 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры

1 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
1 семестр – 30 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 25 кр.</i>			
ЖБП	KTM 1101	Қазақстан тарихы (МЭ)	5
ЖБП	SHT 1109	Шетел тілі	5
ЖБП	KOT 1111	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	ASBMASMP 1114	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
ЖБП	DSH 1115	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 5 кр.</i>			
БП	BOH 1229	Бейорганикалық және органикалық химия	5
2 семестр – 30 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 12 кр.</i>			
ЖБП	SHT 1110	Шетел тілі	5
ЖБП	KOT 1112	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	DSH 1116	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 18 кр.</i>			
БП	Mat 1213	Математика	5
БП	IKG 1228	Инженерлік және компьютерлік графика	5
БП	OP 1212	Оқу практикасы	2
БП	EOT 1234	Эксперимент өткізу тәсілдері	6

Пәннің коды мен атауы (қазақша,ағылшынша)	BOH 1229 Бейорганикалық және органикалық химия Inorganic and organic chemistry
Пәннің ПОҚ	Ахатова З.С., Касенова Б.А.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B07208 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Химия (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Модуль 3. Азық-түлік өнімдерін тану
Пәнді оқыту мақсаты	Кәсіптік және арнайы пәндерді игеруге мүмкіндік беретін химия пәнінен білім беру.
Пән мазмұны	Химияның негізгі заңдары және түсініктерімен таныстыру. Бейорганикалық қосылыстарының жалпы қасиеттері, құрылысы және бір біріне айналу заңдылықтарын оқыту. Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы және қайта өңдеу өндірістерінің

	технологиясы мамандығында оқитын студенттеріне бейорганикалық және органикалық заттардың технологияға байланысты маңыздылығын түсіндіру. Органикалық қосылыстардың жіктелуін, физика-химиялық қасиеттерін, өз арасындағы химиялық реакциялардың жүру жағдайларын үйретеді.
Пәннің құзіреттілігі	Пәннің меңгергеннен кейін студент: - бейорганикалық және органикалық қосылыстардың негізгі құрылыстары мен қасиеттерін, оларды сапалық, сандық және физико-химиялық талдау әдістерін қолдану арқылы біледі ; - теориялық білімдерін практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануды түсінеді ; - практикалық мәселелерді шешуге, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін білімдерін ұштастыруға қолдана алады ; - бейорганикалық, органикалық және аналитикалық химияның жалпы теориялық және эксперименталдық принциптері мен әдістерінде құзретті .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Шаграева, Б.Б. Органикалық химия есептерін шығару тәсілдері [Мәтін]: оқу құралы / Б.Б. Шаграева.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 100 б. 2. Битемирова, А.Е. Органикалық химия [Мәтін]: оқу құралы / А.Е. Битемирова.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 224 б. 3. Nazarbekova, S. Chemistry [Текст]: textbook / S. Nazarbekova, A. Tukibayeva, U. Nazarbek; Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.- Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016.- 304 p. 4. Ахатова, З.С. Общая и неорганическая химия [Текст]: учеб. пособие / З.С. Ахатова; КазНАУ; Фак. "Агробиология и фитосанитария".- Алматы: Айтұмар, 2015.- 240 с. Қосымша: 5. Ахатова, З.С. Органическая химия [Текст]: учеб. пособие / З.С. Ахатова, Yu.Murzin Dmitry; КазНАУ.- Алматы: Айтұмар, 2014.- 265 с. 6. Кулажанов, К.С. Неорганическая химия [Текст]: учебник / К.С. Кулажанов, М.Ш. Сулейменова; Ассоциация вузов РК.- Алматы: Б.и., 2012.- 600 с. 5. 7.Құлажанов, Қ.С. Бейорганикалық химия [Мәтін]: оқулық / Қ.С. Құлажанов, М.Ш. Сүлейменова, Иманбеков; ҚР білім және ғылым м-гі.- Алматы: Дәуір, 2012.- 256 б.

Пәннің коды мен атауы	Mat 1213 Математика
Пәннің ПОҚ	Серикбаев А.У., Алдибаева Л.Т., Идирисов К.М., Емир Кады оглу А.Н., Исмаил Г.Х.
Пән циклі	БП/ЖООК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы

	(сала бойынша)
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр/триместр	2 семестр
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Физика
Пәнді оқу мақсаты	- осы пәннің типтік есептерін шешудің негізгі математикалық әдістерімен және оларды практикада қолдана білуімен таныстыру; - зерттеудің математикалық аппараттарын игеру.
Пән мазмұны	<p>Сызықтық алгебра. Матрицалар. Анықтауыштар. Сызықтық теңдеулер жүйесі. Гаусс әдісі. Крамер әдісі.</p> <p>Векторлық алгебра. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Векторлардың векторлық көбейтіндісі. Векторлардың аралас көбейтіндісі.</p> <p>Аналитикалық геометрия. Жазықтықтағы түзудің теңдеулері. Кеңістіктегі түзу мен жазықтық. Екінші ретті қисық сызықтар. Екінші ретті беттердің канондық теңдеулері.</p> <p>Талдауға кіріспе. Сандық тізбектің шегі. Тамаша шектер. Функцияның туындысы. Орта мән туралы теоремалар. Лопиталь ережесі.</p> <p>Талдауға кіріспе. Функцияның дифференциалы. Тейлор формуласы. Функцияларды жуықтау туралы түсінік.</p> <p>Анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдарды интегралдау әдістері. Рационал және иррационал функцияларды интегралдау.</p> <p>Анықталмаған интеграл. Тригонометриялық функцияларды интегралдау.</p> <p>Анықталған интеграл. Меншіксіз интегралдар. Сандық интегралдау</p> <p>Көп айнымалы функциялар. Көп айнымалы функцияның анықтамасы. Функцияның дербес және толық өсімшесі. Көп айнымалы функцияның шегі, үздіксіздігі және дифференциалдануы. Дербес туынды, көпайнымалы функцияның толық дифференциалы. Көп айнымалы функцияның экстремумы.</p> <p>Қатарлар. Сандық қатарлар. Жинақтылық, қатардың қосындысы. Қатардың жинақталуының қажетті белгісі. Мүшелері оң қатарларға арналған салыстыру теоремалары. Даламбер белгісі. Кошидің радикалдық және интегралдық белгілері. Таңбалары ауыспалы қатарлар. Абсолютті және шартты жинақталу. Функционалдық қатарлар. Дәрежелік қатарлар. Жинақталу интервалы. Жинақталу радиусы.</p> <p>Дифференциалдық теңдеулер. Айнымалысы ажыратылатын теңдеулер. Біртекті теңдеулер. Сызықтық теңдеулер. Бернулли теңдеуі. Толық дифференциалдық теңдеу.</p> <p>Дифференциалдық теңдеулер. Тұрақты коэффициентті екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулер. Тұрақты коэффициентті сызықты біртекті емес екінші ретті дифференциалдық теңдеулер. Жалпы шешім құрылымы.</p>

	<p>Ықтималдықтар теориясы. Кездейсоқ оқиғалар. Кездейсоқ шамалар. Кездейсоқ шама жүйелері. Кездейсоқ шама функциялары. Ықтималдықтар теориясының шектік теоремалары.</p> <p>Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері. Бас және таңдама жиынтықтар. Таңдаманың статикалық үлестірімі. Үлестірімнің эмпирикалық функциясы. Статистикалық үлестірімнің графикалық бейнесі. Статистикалық үлестірімнің сандық сипаттамалары. Белгісіз параметрлерді бағалау. Нүктелік бағаларды табу әдістері.</p> <p>Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері. Параметрлерді интервалдық бағалау туралы түсінік. Қалыпты үлестірім параметрлері үшін сенімділік интервалдары. Статистикалық гипотезаларды тексеру. Үлестіру заңы туралы гипотезаны тексеру.</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби іс-әрекетінде практикалық есептерді шешуге қажетті сызықтық және векторлық алгебраның, аналитикалық геометрияның, математикалық талдаудың, дифференциалдық теңдеулердің, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың негізгі түсініктері мен әдістерін біледі; - ғылыми-зерттеу және қолданбалы іс-әрекеттерінде қазіргі математикалық аппаратты түсінеді; - талдау, математикалық модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу мен қолданбалы есептерді шешу үшін сызықтық және векторлық алгебраның, аналитикалық геометрияның, математикалық талдаудың, дифференциалдық теңдеулердің, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика әдістерін қолдана алады; - алған білімдерін кәсіби іс-әрекетінде қолдануға күзретті.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Байарыстанов, А.О. Жоғары математика: I-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2018.- 245 б. 2. Байарыстанов, А.О. Жоғары математика: II-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2015.- 245 б. 3. Ақанбай, Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: I-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 396 б. 4. Ақанбай, Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: II-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 336 б. 5. Махмеджанов, Н. Жоғары математика есептерінің жинағы: оқу құралы. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 326 б.

Пәннің коды мен атауы	ІКГ 1228 Инженерлік және компьютерлік графика
Пәннің ПОҚ	Ибишев У.Ш., Жұмағұлов Ж.Б., Болат Ұ.
Пән циклі	БП/ЖООК

Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	БВ07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр/триместр	2 семестр
Пәннің пререквизиттері	Геометрия, сызу (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Тамақ өндірістерінің процестері мен аппараттары, Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	Кескіндерді салу әдістерін баяндау және негіздеу, сондай-ақ геометриялық пішіндегі есептерді шешу жолдарын зерттеу.
Пән мазмұны	Проекциялар әдісі. Нүкте эпюрі. Аксонометриялық проекциялар. Сызық эпюрі. Жазықтық эпюрі. Проекцияларды түрлендіру тәсілдері. Бет эпюрі. Сызба орындаудың негізгі ережелері. (МЕСТ 2.301-68 ... МЕСТ 2.307-68). Геометриялық тұрғызулар. Кескіндер – көріністер, тіліктер және қималар. Біріктірулер. Эскиздеу. Конструкторлық құжаттама түрлері. Жалпы түр сызбасын оқу және тетікбөлшектеу. Тетікбөлшектің жұмыстық сызбасы. AutoCAD жүйесі жайында бастапқы мәліметтер. Құрал-саймандар панельдері. Қарапайым және күрделі примитивтер. Сызбаны редакциялау. Қабаттарда жұмыс жасау. AUTOCAD жүйесінде жазық бөлшектің сызбасын орындау. Көшіру және объектілердің орын өзгерту командалары. Объект өлшемдерін түзету командалары. Объекттерді конструкциялау командалары. Сызбаларды рәсімдеу командалары. Өлшемдерді қою. Сызбада қиықжиек және түйіндестірулерді орындау командалары. Мәтінді құру командалары. Блокты құру. AUTOCAD жүйесінде үшөлшемді модельдеу. Сызбаларды принтер мен плоттерге шығару. Файлдарды импорттау және экспорттау.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгеру нәтижесінде студент: сызбаның көмегімен техникалық ойларды беру тәсілдерін; кескіндерді салудың теориялық негіздерін; кеңістік элементтерін жазықтықта кескіндеу әдістерін; алынған кескіндер көмегімен геометриялық сипаттағы есептер шығару әдістерін; жалпы түр сызбасы мен құрастыру сызбасының қызметі мен мазмұнын; AutoCAD жүйесінде сызба орындау әдістемесін біледі ; параллель проекциялау әдісімен алынған кескіндерді; геометриялық модельдеу аппаратының негіздерін; конструкторлық құжаттамалардың бірыңғай жүйесінің ережелерін; жалпы түр сызбасын тетікбөлшек сызбасын; AutoCAD жүйесінде конструкторлық құжаттамаларды дайындау және рәсімдеу тәсілдерін түсінеді ; жалпы түр және құрастыру сызбаларын, тетікбөлшектердің жұмыстық сызбаларын, принциптік электр сұлбаларын орындау ережелерін; сызбаларды плоттерге немесе принтерге шығару дағдыларын қолдана алады ; техникалық есептерді графикалық шешуге; техникалық

	және конструкторлық құжаттамаларды дайындауға, олармен жұмыс істеуге; тетікбөлшектердің жұмыстық сызбаларын рәсімдеуде КҚБЖ МЕСТ-тарын пайдалануда құзыретті.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ыбраев А. Инженерлік графика. Техникалық жоғары оқу орындары мамандықтарының студенттеріне арналған оқулық / А. Ыбраев. – Алматы : Білім, 2012. – 224 бет. 2. Нұрмаханов, Б.Н. Компьютерлік графика [Мәтін]: оқулық / Б.Н. Нұрмаханов, Д.Д. Әбілдабекова, У.Т. Қарымсақов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Дәуір, 2012.- 200 б. 3. Төлбаев, Ә.Ә. Машиналық графика. AUTOCAD Компьютерлік графика жүйесіне кіріспе [Электрондық ресурс]: оқу құралы / Ә.Ә. Төлбаев; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2014.- 120б. http://lib.kaznau.kz/Res/Injenerlik/Tolbaev%20A.%20A%20.pdf 4. Төлбаев, Ә.Ә. Компьютерлік графика жазық пішінді тетікбөлшектің сызбасын AutoCAD жүйесінде орындау [Мәтін]: зертханалық жұмыстарды орындауға әдістемелік нұсқаулар / Ә.Ә. Төлбаев, Ө.Ш. Ибишев, Ұ. Болатұлы; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2017.- 28 б. 5. Төлбаев, Ә.Ә. Компьютерлік графика AutoCAD жүйесінде үшөлшемді модельдеу [Мәтін]: студ. өз бетімен орынд. жұмысқа әдістемелік нұсқаулар / Ә.Ә. Төлбаев, Ө.Ш. Ибишев, Ұ. Болат; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2017.- 28 б. 6. Оразбаева, Ә.А. 3 D графика негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Ә.А. Оразбаева.- Алматы: Эверо, 2020.- 384 б. 7. Нәби, Ы.А. Сызба геометрия және инженерлік графика [Мәтін]: оқулық / Ы.А. Нәби; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2015.- 280 б. 8. Нәби, Ы.А. Сызба геометрия және инженерлік графика пәннің базалық курсы оқып білу жөнінде әдістемелік ұсынымдар [Мәтін] / Ы.А. Нәби; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2013.- 172 б. http://lib.kaznau.kz/Res/Injenerlik/Nabi_Syzba_geometriyasy_zhane_inzhenerlik_grafika.pdf 9. Нәби, Ы. Сызба геометрия [Мәтін]: инженерлік маман. студ. арн. практикум / Ы. Нәби; ҚазҰАУ=Начертательная геометрия.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 112 б. қазақ, орыс тілдерінде <p>Қосымша әдебиет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 10. Бәйдібеков Ә.К., Мусалимов Т.К., Садықова Ж.М., Қолбатыр С.А. Инженерлік графика: Жоғары оқу орындарының құрылыс, сәулет, жер өңдеу, жол құрылысы және басқа да техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге арналған оқулық / Ә. Бәйдібеков. – Алматы: Білім, 2012. – 263 бет. 11. Бәйдібеков Ә.К. Инженерлік графика сандық белгісі бар проекцияда: Жоғары оқу орындарының құрылыс,

	<p>сәулет, жер өңдеу, жол құрылысы және басқа да техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге арналған оқулық / Ә. Бәйдібеков. – Алматы: Білім, 2012. – 142 бет.</p> <p>12. Мусалимов, Т.Қ. Сызба геометрия және инженерлік графика [Мәтін]: оқулық / Т.Қ. Мусалимов, С.Ә. Қолбатыр, Г.М. Алғартова; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі; Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қауымдастығы.- Алматы, 2013.- 272 б. http://er.semgu.kz/ebooks/ebook_537/#ps</p> <p>13. Чекмарев, А.А. Инженерная графика. Машиностроительное черчение: Учебник / А.А. Чекмарев. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 396 с.</p> <p>14. Королев, Ю.И. Инженерная графика: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения / Ю.И. Королев, С.Ю. Устюжанина. - СПб. Питер, 2013. - 464 с.</p> <p>15. Пуйческу, Ф.И. Инженерная графика: Учебник для студентов учреждений среднего профессионального образования / Ф.И. Пуйческу, С.Н. Муравьев, Н.А. Чванова. - М.: ИЦ Академия, 2013. - 320 с.</p> <p>16. https://www.youtube.com/user/SferaGraphicsSAPR</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ЕОТ 1234 Эксперимент өткізу тәсілдері Methods of conducting the experiment
Пәннің ПОҚ	Алмаганбетова А.Т., Әметова М.М.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6В07208-Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)»
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Химия (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Модуль 3. Азық-түлік өнімдерін тану
Пәнді оқыту мақсаты	Зертханалық жабдықтармен, техникамен, сондай-ақ олардың жұмыс тәсілдерін оқыту болашақ мамандарға өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.
Пән мазмұны	Студенттердің білімі мен тәжірибиесін нығайту негізінде өндіріс орындарында білікті жұмыс істей білуіне және әртүрлі өндірістерде сапалы әрі зиянсыз азық-түлік тауарларын шығаруға мүмкіндік алады. Тағамдық өнімдерде эксперимент жүргізу арқылы зертханамен танысу, ол жерде қолданылатын құрал жабдықтармен танысу, тағамдық өнімдердің бұрмалануынан адам организміне келтіретін зиянын зерттеп жіберілмеу деңгейін оқып білу.
Пәннің күзреттілігі	<p>Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өнімнің сапасын сынау және бақылау саласындағы терминдер мен анықтамалар, өнімді сынау түрлері, өнімді бақылау түрлері, сертификаттық сынақтар, өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштерін біледі; - тамақ өнімдерін сынауды жүргізу, тамақ өнімдерінің

	<p>сапасын бақылау, тамақ өнімдеріндегі ауыр металдардың, уытты элементтердің болуын анықтауды түсінеді;</p> <p>- азық-түлік өнімдеріндегі тәжірибелік практикада өнім сапасын бағалау және талдау; тамақ өнімдері сапасының арнайы әдістермен анықтау; азық-түлік өнімдеріндегі эксперименталды өнімдер типтерін саралауды қолдана алады;</p> <p>- өнімнің қауіпсіздігіне сынау жүргізу, азық-түлік өнімдерінің сапасын қазіргі заманғы әдістермен бақылау құзыретті.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Садуов, М.С. Зертханалық іс [Мәтін]: оқулық / М.С. Садуов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: TANDEM-2, 2016. 2. Садуов, М.С. Лабораторное дело [Текст]: учеб. пособие / М.С. Садуов.- Алматы: КазНАУ, 2016. 3. Баранов, Б.А. Методы контроля микроколичества пестицидов в продуктах питания и объектах окружающей среды [Текст]: учеб. пособие / Б.А. Баранов, А.Д. Серикбаева, Л.К. Бупебаева.- Алматы: Эпиграф, 2015. 4. Кадим, И.Т. Тағам өнімдерінің сапасын анықтаудың зертханалық тәжірибесі [Мәтін] / И.Т. Кадим, А. Серикбаева, Г. Райымбек.- Алматы: Эверо, 2015. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. Ким, Г.Л. Методические указания для лабораторных занятий по дисциплине "Методика научных исследований" [Текст]: для студ. спец.: Технология производства продуктов животноводства, рыбное хозяйство и промышленное рыболовство / Г.Л. Ким, Ш.Р. Адылканова.- Алматы: Айтумар, 2017. 6. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация [Текст]: в 3-х т. т. 2: Частная ветеринарно-санитарная экспертиза продуктов животноводства: учеб. пособие / КазНАУ; под ред. Н. Ф. Шуклина;- Алматы: КазНАУ, 2011. 7. А.А.Баева. Методы исследования свойств сырья и готовой продукции. Алматы, 2011.

2 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
3 семестр – 32 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 12 кр.</i>			
ЖБП	Fil 2102	Философия	5
ЖБП	АКТ 2113	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5
ЖБП	DSH 2117	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 15 кр.</i>			
БП	АН 2230	Аналитикалық химия	5
БП	Fiz 2227	Физика	5
БП	TKM 2231	Теориялық және қолданбалы механика	5
<i>Таңдау компоненті – 5 кр.</i>			
ЖБП	Eko 2103	Экономика	5
	KSN 2120	Қаржылық сауаттылық негіздері	
	KSZhKM 2119	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	
	Kas 2108	Кәсіпкерлік	
	GZN 2106	Ғылыми зерттеулердің негіздері	
	TAK 2105	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
	Eko 2104	Экология	

4 семестр – 32 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 2 кр.</i>			
ЖБП	DSH 2118	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 30 кр.</i>			
БП	OP 2211	Өндірістік практика	5
БП	FKH 2232	Физикалық және коллоидтық химия	5
БП	TGN 2233	Тамақтанудың ғылыми негіздері	5
БП	Mik 2236	Микробиология	5
БП	TMRN 2239	Тағам массаларының реология негіздері	5
БП	TOPA 2238	Тамақ өндірістерінің процестері мен аппараттары	5

Пәннің коды мен атауы (қазақша,ағылшынша)	АН 2230 Аналитикалық химия
Пәннің ПОҚ	Ахатова З.С., Касенова Б.
Пән циклі	БП/ЖООК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6В07208 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Химия (мектеп бағдарламасы) / Бейорганикалық және органикалық химия
Пәннің постреквизиттері	Модуль 4. Шикізат пен дайын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі
Пәнді оқыту мақсаты	Кәсіптік және арнайы пәндерді игеруге мүмкіндік беретін

	химия пәнінен білім беру.
Пән мазмұны	Курсты оқу шығармашылық қызметте ғылыми және әдістемелік тәсілді қалыптастыру үшін химиялық білім беру цикліндегі базалық пән бойынша іргелі дайындықты, сондай-ақ қазіргі заманғы технологиялар саласындағы білім кешенін алу мақсатында химиялық және биохимиялық процестердің жалпы заңдылықтарын зерттеуді қамтамасыз етеді.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бейорганикалық және органикалық қосылыстардың негізгі құрылыстары мен қасиеттерін, оларды сапалық, сандық және физико-химиялық талдау әдістерін қолдану арқылы біледі; - теориялық білімдерін практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануды түсінеді; - практикалық мәселелерді шешуге, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін білімдерін ұштастыруға қолдана алады; - бейорганикалық, органикалық және аналитикалық химияның жалпы теориялық және эксперименталдық принциптері мен әдістерінде құзретті.
Қорытынды бақылау нысаны	Тестілеу
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Утелбаева, А.Б. Органикалық заттар технологиясының теориялық негіздері [Мәтін]: оқу құралы / А.Б. Утелбаева, Б.Т. Утелбаев, М.Н. Ермаханов.- Алматы: ССК, 2019.- 80 б. 2. Утелбаева, А.Б. Элементтер химиясы [Мәтін]: оқу құралы / А.Б. Утелбаева.- Алматы: ССК, 2019.- 100 б. 3. Ахатова, З.С. Аналитическая химия [Текст]: учеб. пособие для студ. агроном., технологии и биоресурсов, вет. и агроинженерных спец. ун-тов / З.С. Ахатова, П.С. Маденова; КазНАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 165 с. 4. Битемирова, А.Е. Органикалық химия [Мәтін]: оқу құралы / А.Е. Битемирова.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 224 б. 5. Керімбаева, К.З. Бейорганикалық химия [Мәтін]: 2-бөлім: оқу құралы / К.З. Керімбаева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; М.Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан мем. ун-ті.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 154 б. 2. Основы аналитической химии [Текст]: в 2-х т. Т.1.: учебник для вузов / Т.А.Большова, Г.Д.Брыкина, А.В.Гармаш [и др.]; под ред. Ю.А.Золотова.- 6-е изд., перераб. и доп.- М.: Академия, 2014.- 400 с. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иванов, В.Г. Неорганическая химия: краткий курс [Текст] / В.Г. Иванов, О.Н. Гева.- М.: КУРС: ИНФРА-М, 2018.- 256 с. 2. Сулы ерітінділердегі бетті-активтік заттар және полимерлер [Мәтін]: оқулық / К.Хломберг, Б.Йенссон, Б.Кронберг, Б.Линдман; ауд. Ә.Қоқанбаев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- 2-бас.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2017.- 444 б. 3. Маденова, П.С. Аналитикалық, физикалық және

	<p>коллоидтық химия [Мәтін]: оқу құралы / П.С. Маденова.- Алматы: Айтұмар, 2016.- 380 б.</p> <p>4. Шекеева, К.Қ. Аналитикалық химия [Мәтін]: оқу құралы / К.Қ. Шекеева.- Алматы: Эверо, 2015.- 316 б.</p> <p>6. Ахатова, З.С. Общая и неорганическая химия [Текст]: учеб. пособие / З.С. Ахатова; КазНАУ; Фак. «Агробиология и фитосанитария».- Алматы: Айтұмар, 2015.- 240 с.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	Ғиз 2227 Физика
Пәннің ПОҚ	Сакипова Ш.Е., Жукина А.Б., Нурханов А.Б.
Пән циклі	БП/ЖООК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	БВ07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр/триместр	3 семестр
Пәннің пререквизиттері	Физика (мектеп бағдарламасы), математика
Пәннің постреквизиттері	Тамақ өндірістерінің процестері мен аппараттары
Пәнді оқу мақсаты	Физиканың заңдары мен негізгі қағидаларын ауылшаруашылық кешеніндегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуына сай қазіргі заманның физикасы арқылы оқып үйрету, олардың өз ара байланыстарын, біртұтастығын, өзара тәуелділігінің мән мағынасын жеткізу.
Пән мазмұны	Материялдық нүктенің және қатты дененің кинематикасы мен динамикасы. Механикалық жұмыс, энергия. Тербелістер мен толқындар. Сұйықтар мен газдар механикасының элементтері. Молекулалық физика. Термодинамика заңдары. Тасымалдау құбылыстары. Реал газдар. Фазалық ауысулар. Электростатика. Тұрақты ток. Магнит өрісі. Заттардың магниттік қасиеттері, Айнымалы ток. Электромагниттік толқындар. Геометриялық және толқындық оптика. Жарықтың кванттық табиғаты. Атомдық және ядролық физика.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:</p> <p>негізгі физикалық заңдарды және олардың салдарларын, зерттеудің физикалық принциптері мен әдістерін, олардың қолданылуы аясы мен қолданылу шекарасын біледі;</p> <p>физикалық тапсырмалар мен нақты жағдайларды шешу үшін теориялық білімді және физикалық құбылыстар мен нақты жағдайларды модельдеуде заманауи ІТ технологияларды қолдана алады;</p> <p>ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдауда; физикалық және ғылыми эксперименттер жүргізуде, заманауи өлшеуіш құралдармен жұмыс істеуде және өлшеу нәтижелерін математикалық түрде өңдеу мен талдауда құзыретті.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиет:

	<p>1. Сақыпова Ш.Е. Физикалық практикум. 1-4 бөлім. Механика. Молекулалық физика. Термодинамика. Электрмагнетизм. Оптика. Алматы, Айтұмар. 2017-242б.</p> <p>2. Қасымов А., Сақыпова Ш.Е. ЛКЭ-6 лабораториялық кешенінде Электромагнетизм бөлімінен физикалық практикум- Алматы, Айтұмар. 2018- 63 б.</p> <p>3. Трофимова Т.И. Курс физики. М.: Академия, 2014-560с.</p> <p>4. Волькенштейн В.С. Жалпы физика курсының есептер жинағы: жоғары техникалық оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы, 2012.- 486 б.</p> <p>Қосымша әдебиет:</p> <p>5. Трофимова, Т.И. Физика в таблицах и формулах учеб. пособие для вузов 4-е изд., - М.: Академия, 2010.- 448 с.</p> <p>6. Қойшыбаев Н. Жалпы физика курсы. 1-5том-Алматы, 2010.</p> <p>7. Сақыпова Ш.Е., Изенбаева С.Б. Физикадан семестрлік жұмыстар - Алматы, Айтұмар.2012- 58б.</p> <p>8. Абдуллаев Ж. Жалпы физика курсы -Алматы. Ана тілі, 2010</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша,ағылшынша)	ТКМ 2231 Теориялық және қолданбалы механика
Пәннің ПОҚ	Жумагулов Ж.Б., Болат Ұ.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6В07208 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Химия (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Модуль 3 Азық-түлік өнімдерін тану
Пәнді оқыту мақсаты	Кәсіптік және арнайы пәндерді игеруге мүмкіндік беретін химия пәнінен білім беру.
Пән мазмұны	Теориялық және қолданбалы механика пәні тағам өндірісіндегі механизмдер мен машиналарды жетілдіру үшін материалдық нүктенің, қатты дененің және механикалық жүйенің тепе-теңдігі, материалдық нүктенің, қатты дененің және қозғалыстағы механикалық жүйенің кинематикалық және динамикалық сипаттамаларының қасиеттері туралы білімді қалыптастырады.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бейорганикалық және органикалық қосылыстардың негізгі құрылыстары мен қасиеттерін, оларды сапалық , сандық және физико-химиялық талдау әдістерін қолдану арқылы біледі; - теориялық білімдерін практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануды түсінеді; - практикалық мәселелерді шешуге, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін білімдерін ұштастыруға қолдана алады; - бейорганикалық, органикалық және аналитикалық химияның жалпы теориялық және эксперименталдық принциптері мен әдістерінде құзретті.

Қорытынды бақылау нысаны	Тестілеу
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Утелбаева, А.Б. Органикалық заттар технологиясының теориялық негіздері [Мәтін]: оқу құралы / А.Б. Утелбаева, Б.Т. Утелбаев, М.Н. Ермаханов.- Алматы: ССК, 2019.- 80 б. 2. Утелбаева, А.Б. Элементтер химиясы [Мәтін]: оқу құралы / А.Б. Утелбаева.- Алматы: ССК, 2019.- 100 б. 3. Ахатова, З.С. Аналитическая химия [Текст]: учеб. пособие для студ. агроном., технологии и биоресурсов, вет. и агроинженерных спец. ун-тов / З.С. Ахатова, П.С. Маденова; КазНАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 165 с. 4. Битемирова, А.Е. Органикалық химия [Мәтін]: оқу құралы / А.Е. Битемирова.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 224 б. 5. Керімбаева, К.З. Бейорганикалық химия [Мәтін]: 2-бөлім: оқу құралы / К.З. Керімбаева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; М.Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан мем. ун-ті.- 2-бас.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 154 б. 6. Основы аналитической химии [Текст]: в 2-х т. Т.1.: учебник для вузов / Т.А.Большова, Г.Д.Брыкина, А.В.Гармаш [и др.]; под ред. Ю.А.Золотова.- 6-е изд., перераб. и доп.- М.: Академия, 2014.- 400 с. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иванов, В.Г. Неорганическая химия: краткий курс [Текст] / В.Г. Иванов, О.Н. Гева.- М.: КУРС: ИНФРА-М, 2018.- 256 с. 2. Сулы ерітінділердегі бетті-активтік заттар және полимерлер [Мәтін]: оқулық / К.Хломберг, Б.Йенссон, Б.Кронберг, Б.Линдман; ауд. Ә.Қоқанбаев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- 2-бас.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2017.- 444 б. 3. Маденова, П.С. Аналитикалық, физикалық және коллоидтық химия [Мәтін]: оқу құралы / П.С. Маденова.- Алматы: Айтұмар, 2016.- 380 б. 4. Шекеева, К.Қ. Аналитикалық химия [Мәтін]: оқу құралы / К.Қ. Шекеева.- Алматы: Эверо, 2015.- 316 б. 7. Ахатова, З.С. Общая и неорганическая химия [Текст]: учеб. пособие / З.С. Ахатова; КазНАУ; Фак. «Агробиология и фитосанитария».- Алматы: Айтұмар, 2015.- 240 с.

Пәннің коды мен атауы	Еко 2103 Экономика
Пәннің ПОҚ	Карымсақова Ж.К., Саяпил А., Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр/триместр	3 семестр
Пәннің пререквизиттері	Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау

Пәнді оқу мақсаты	Экономикалық ойлауды қалыптастыру, нарықтық экономика туралы білім алу, мемлекеттің экономикалық саясаты ұғымы
Пән мазмұны	Экономика пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Меншік және экономикалық жүйе. Қоғамдық шаруашылық нысандары. Нарықтық жүйенің қызмет ету механизмінің негіздері. Фирма және кәсіпкерлік теориясы. Өндіріс, фирманың шығындары мен табысы. Өндіріс факторларының нарығы және табыстарды бөлу. Ұлттық экономика негіздері: мазмұны құрылымы және нәтижесін өлшеу. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы. Инфляция және жұмыссыздық экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде. Ұлттық экономикадағы қаржы және ақша несие жүйесінің негіздері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу және экономикалық қауіпсіздік. Әлемдік экономика қызмет етуінің экономикалық негіздері.
Пәннің күзиреттілігі	Пәнді меңгеру нәтижесінде студент: біледі нарықтық экономиканың негізгі заңдылықтары; түсінеді: нарықтарда экономикалық агенттердің өзара іс-қимыл тетігі; қолдана алады: осы пәнді оқу барысында алған теориялық білімін тәжірибеде; күзретті: тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқасын кәсіби тұрғыдан дамыту және дәлелдеуде.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиет: 1. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. 2. Доғалов А.Н. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: TechSmith, 2018.- 344 б. 3. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория [Мәтін]: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б. 4. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: оқу құралы / Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016. 5. Хамитова, К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері [Мәтін]: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.- (Кәсіптік білім). 5. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б. 6. Исқалиев М.Д. Экономикалық теория негіздері [Мәтін] / М.Д. Исқалиев.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 304 б. 7. Есполов Т.И. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / Т.И. Есполов, Қ М. Бельгібаев, Ж.Ж. Сулейменов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚазҰАУ, Айтұмар, 2012.- 261 б.

	<p>Қосымша әдебиет:</p> <p>8. Бекмолдин С.Қ. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / С.Қ. Бекмолдин, С.С. Мәуленова, Е.Қ. Құдайбергенов; Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің осы заманғы оқу басылымдары; жалпы ред. басқ. Ә.Ә.Әбішев.- Алматы: Экономика баспасы, 2011.- 386 б.</p> <p>9. Жолдасова Г. Экономика негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Г. Жолдасова.- 2 -ші басылым.- Астана: Фолиант баспасы, 2011.- 224 б.- (Кәсіптік білім).</p> <p>10. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет.</p> <p>11. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика [Мәтін]: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б.</p> <p>12. Көшімова, М.Ә. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / М.Ә. Көшімова.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б.</p> <p>Сәбден О. Экономика [Мәтін]: 3-том: Таңдамалы еңбектері: моногр. / О. Сәбден.- Алматы: ҚР БҒМ ҒК, 2011.- 468 б.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша,ағылшынша)	KSN 2120 Қаржылық сауаттылық негіздері Basics of financial literacy
Пәннің ПОҚ	Джумабаева А.М., Саурукова А.К.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«БВ07207-Азық-түлік өнімдерінің технологиясы»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Математика
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқыту мақсаты	Жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға үйрету, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді тәсілдері, қаржылық өнімдер мен қызметтерді пайдалану тәртібін білу.
Пән мазмұны	Білім алушыларға нарықтағы жағдайды дұрыс бағалауға және нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін қаржы саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастырады. Негізгі қаржылық ұғымдарды білу және оларды іс жүзінде қолдана білу адамға өз қаражатын сауатты басқаруға мүмкіндік береді. Яғни, кірістер мен шығыстардың есебін жүргізу, артық қарыздан аулақ болу, жеке бюджетті жоспарлау, жинақтау, қаржы институттары ұсынатын өнімдерді таңдау негізінде пайдалану жолдарын, жинақтаушы және сақтандыру құралдарын пайдалануды үйретеді.
Пәннің күзіреттілігі	Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр: Білу керек: белгілі бір мақсаттарға ақша жинауды білу;

	<p>- бұл үнемдеу себептерін ажырату үшін түсіну (күтпеген шығындар үшін резерв қалыптастыру; болашақ ірі шығындар үшін қаражат жинау; кіріс алу);</p> <p>- салымдарды сақтандырудың мемлекеттік жүйесін білу. дағдысы болу керек: жинақтаудың әртүрлі тәсілдері мен жинақ өнімдерінің түрлері туралы түсініктерді егжей тегжейлі білу;</p> <p>- жеке тұлғалардың мінез-құлқын анықтайтын факторлардың әсерін анықтау және ақша операцияларын құқықтық реттеуді зерттеу;</p> <p>меңгеру керек: отбасының әл-ауқатын арттыру үшін банктік салым ашу дағдыларын меңгеру;</p> <p>- ақша иелері үшін пайда табу мақсатында бағалы қағаздар нарығында, жылжымайтын мүлік нарығында және т. б. орналастыру дағдыларын.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сембиева, Л.М. Введение в финансы: Т.2: учеб. пособие / Л.М. Сембиева, С.Б. Макыш, А.О. Жагыпарова.- Алматы: ЭСПИ, 2020.- 260 с. 2. Перекрестова, Л.В. Финансы, денежное обращение и кредит [Текст]: учебник / Л.В. Перекрестова, Н.М. Романенко, С.Сазонов.- 13-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 368 с. 3. Серкебаева, Р.К. Финансы [Текст]: учеб. / Р.К. Серкебаева, Р.У. Смагулова; МОН РК.- Алматы: BOOKPRINT, 2014.- 320 с. 4. Брехова Ю.В., Алмосов А.П., Завьялов Д.Ю. Б87 Финансовая грамотность: методические рекомендации для учителя. 10–11 классы общеобразоват. орг. — М.: ВАКО, 2018. — 232 с. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Постановлением Правительства Республики Казахстан от « 30 » мая 2020 года № 338. Концепция повышения финансовой грамотности на 2020 – 2024 годы 2. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс) / Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 120-VI ЗРК.

Пәннің коды мен атауы	KSZhKM 2119 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
Пәннің ПОҚ	Нурбаева Л.Б., Адибаева А.К., Нурмаханова Ж.М., Бекбергенова А.К., Толенди М.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	БВ07208 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр/триместр	3 семестр
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті

	<p>жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық, құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез – құлықтарының стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез – келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыру.</p>
<p>Пән мазмұны</p>	<p>Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет оқу пәні ретінде. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пәні, оның әдістері. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пәні заң пәндері жүйесінде. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пәнінің негізгі қоғамдық-гуманитарлық пәндермен (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология) өзара қатынасы.</p> <p>Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік тағайыны. Құқықтың өмір сүруінің экономикалық, саяси-әлеуметтік және идеологиялық себептері. Құқық пен мемлекеттің байланысы. Субъективтік құқық және объективтік құқық, олардың ара қатынасы. Қоғамдағы әрекет етуші әлеуметтік нормалардың саналуандығы. Әлеуметтік нормалардың жіктелуі, олардың техникалық нормалардан айырмашылығы. Адамдардың мінез-құлқын реттеу үрдісінде құқықтық, моральдік, адамгершілік нормалардың өзара әрекеттесу нысандары.</p> <p>Құқық нормалары және нысандары (қайнар көздері). Құқық нормасы – адамдардың тәртібінің ережесі, үлгісі, өлшемі, мінез-құлық көлемі ретінде. Құқық нормасының белгілері – оның жалпыға міндеттілігі, әрекеттің көп қайталанбалылығы, мемлекеттің ықпал ету шарасымен қамтамасыз етілуі, өкілді-міндеттеуші сипаты. Құқық нормасы мен нормативтік құқықтық актінің баптарының ара қатынасы. Диспозиция құқық нормасының негізгі бөлігі ретінде, санкция мен гипотезаның функционалдық тағайындалуы. Құқық нормасының түрлері. Құқық нормасын жетілдіру өлшемдері: заңдық күші, адамдардың мінез-құлқына ықпал ету тәсілдері (міндеттеу, тыйым салу, рұқсат беру), реттеу пәні мен әдісі, әрекет ету аумағы. Нормативтік құқықтық акт, оның белгілері және жеке – құқықтық актілерден (қолдану және талқылау актілері) айырмашылығы. Нормативтік құқықтық актілердің түрлері, олардың әртүрлі өлшемдерге (заң күші, оларды шығаратын субъектісі, әрекет ету аумағы және т.б. бойынша) байланысты жіктелуі. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы. Нормативтік актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі. Нормативтік құқықтық актілердің уақытта, кеңістікте, және тұлға бойынша әрекет етуі. Заң ғылымында құқықтың қайнар көздері түсінігі. Құқықтың қайнар көздерінің түрлері және олардың ара қатынасы.</p> <p>Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқықтық сана қазіргі болмыстың бейнелену нысаны ретінде.</p>

Қоғамдық, таптық, топтық, жеке құқықтық сананың ерекшеліктері. Құқықтық сананың құрылымы: құқықтық идеология, әлеуметтік-құқықтық психология, олардың байланысы, өзара ықпалы, олардың арасында қарама қайшылық пен алшақтықтың мүмкіндігі. Құқықтық сананың қалыптасуы мен дамуына құқықтық нормалар мен институттардың ықпалы. Қоғамның, социумның, жеке адамдардың құқықтық мәдениеті. Құқықтық мәдениет пен саяси мәдениеттің ара байланысы, олардың өзара әсері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениет: мазмұны, рөлі мен функциялары. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының себептік – кешендік факторлары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана ұғымы.

Құқыққа сай жүріс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Адамдардың әрекеттері мен қимылдарының құқықтық ұйғарымдарға сәйкестенуін қамтамасыз етудің заңдық, әлеуметтік және психологиялық алғышарттары. Құқыққа сай мінез құлық заңды нормалардың ұйғарымдарға сәйкес келетін мінез құлық ретінде және оның мемлекет үшін пайдасы. Құқыққа сай мінез құлықтың объективті және субъективті жақтары. Құқыққа сай әрекеттердің түрлері. Азаматтардың құқықтық белсенділігі. Құқықбұзушылық құқыққа қарсы әрекет ретінде. Құқықбұзушылықтың заңдық құрамы (субъект, объект, субъективті жағы, объективті жағы). Құқықбұзушылықтың түрлері: қылмыс, әкімшілік және тәртіптік, азаматтық құқықбұзушылық. Қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты. Қылмыстық емес құқықбұзушылық зияны, дәрежесі. Заңды жауапкершіліктің белгілері және оның мемлекеттік мәжбүрлеу және қоғамдық-моральдық жауапкершілікпен ара қатынасы. Қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершіліктің ерекшеліктері. Заңды жауапкершілікке тартудың негіздері (құқыққа қайшылық, зиян, кінә және себепті байланыс) және одан босату. Заңды жауапкершілік және құқықтық санкциялар. Кінәсіздік презумпциясы.

Сыбайлас жемқорлық ұғымы мен құрылымы. Сыбайлас жемқорлықтың ұғымы мен негізгі белгілері. Сыбайлас жемқорлықтың дамуының тарихи аспектілері.

Шет елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Грузияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты. Мемлекеттік басқаруды реформалаудың Сингапурлық тәжірибесі.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы отбасы рөлі. Отбасының тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібін тәрбиелеудегі рөлі. Отбасының қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудегі әлеуметтік жауапкершілігі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тетігі ретінде қоғамдық бақылау. «Қоғамдық бақылау» ұғымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретіндегі негізгі қағидаттары, маңыздылығы мен мазмұны. Сыбайлас жемқорлықты қоғамдық бақылау

	<p>институттары.</p> <p>Саяси партиялар мен БАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру құралдары ретінде. Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл институты ретінде. Қазақстанның саяси партияларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саласындағы қызметі.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие. Волонтерлық қызметті дамыту бойынша жол картасы. Ағарту және тәрбиелеу жұмыстары. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыру ерекшелігі. Қазақстан Республикасындағы волонтерлық қызмет. Қазақстан Республикасындағы волонтерлық қызмет туралы заң. Волонтерлік қызметті үйлестіру және дамыту. Дүние жүзі елдеріндегі волонтерлық қызметтер.</p> <p>Сыбайлас жемқорлық тәртіптің психологиялық тетіктері. Мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының психологиясы. Сыбайлас жемқорлық әрекеті құрылымындағы психологиялық тетікті талдау.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы. Сыбайлас жемқорлықтың қарсы заңнаманың даму кезеңдері. Сыбайлас жемқорлық үшін қатал заңдық жауапкершілік.</p> <p>Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы. Сыбайлас жемқорлықтың қарсы заңнаманың даму кезеңдері. Академиялық адалдық білім беру принципі ретінде. Академиялық адалдық ұғымы. Академиялық адалдық артықшылықтары. Академиялық адалдық принциптері. Академиялық адалдық маңызы. Академиялық адалдық Лигасы.</p>
<p>Пәннің құзіреттілігі</p>	<p>Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:</p> <p>білуі тиіс: қоғам өміріндегі құқық пен құқықтық қатынастардың өзара байланысын; құқыққа сай мінез құлық, құқықбұзушылық, құқықтық сана, құқықтық мәдениет ұғымдарының мазмұнын; сыбайлас жемқорлықтың негізгі анықтамаларын; «қоғамдық бақылау» ұғымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретіндегі негізгі қағидаттары, маңыздылығы мен мазмұнын; сыбайлас жемқорлықты қоғамдық бақылау институттарын; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды реттейтін халықаралық және ұлттық заңнаманы;</p> <p>дағдысы болу керек: құқықтық түсініктер мен оған байланысты туындайтын құқықтық фактілерді және құқықтық қатынастарды талдау, заң нормаларын түсіну; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын тәжірибеде қолдана алу;</p> <p>құзыретті болу керек: қоғамда кездесетінін сыбайлас</p>

	жемқорлыққа қарсы заңның қатынастар шеңберін ажырата алуға және оны талқылауға.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
